

2012 жылдың екінші тоқсаны

www.enrc.com

ENRC пайдалы қазбаларды қазып алу және байыту саласында жетекші өртаптаңдырушы компаниялар тобы болып табылады, ол кен қазып алу, өңдеу, энергетика, көлік және маркетинг кәсіпорындарымен интеграцияланған.

Топтың өндірістік активтері негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан және құрамына келесі кәсіпорындар кіреді: «Қазхром» ТҰК, Жәйрем ҚБК, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССКӨБ), «Қазақстан алюминийі», Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Еуразиялық энергетика корпорациясы (ЕЭК), Шұбаркөл Көмір және ENRC Logistics.

Басқа активтер, ең алдымен Өзге түсті металдар бөлімшесі, негізінен Африкада орналасқан және оның ішінде Boss Mining, SMKK және Chambishi Metals PLC компанияларының мыс пен кобальт активтері және Camrose Resources Limited (Camrose) компаниясының 50,5% акциялары бар.

ENRC сондай-ақ Серов ферроқорытпа зауытына, Бразилиядағы темір рудасын барлау жөніндегі Bahia Minerals BV және Mineração Minas Bahia SA (MIBA) жобаларына, Қытайдағы (Туоли) Xinjiang Tuoli Taihang Ferroalloy Company акциясының 50%-ына және Оңтүстік Африкадағы платина өндіру бойынша көшбасшы болып табылатын Northam Platinum Limited-тің 14,35% акцияларына иелік етеді.

ENRC FTSE 100 тізіміне кіреді. ENRC-де қазіргі уақытта 70 000-нан астам адам жұмыс істейді, оның 65 000-ы Қазақстанда.

Бас атқарушы директор Феликс Вулис:

“Біз жыл басында туындаған мәселелерден кейінгі ферроқорытпалар мен глинозем өндірісінің қалпына келгендігі және Африкада мыс өндірісінің өскендігі туралы үлкен қуанышпен хабарлаймыз. Біз осында бірінші рет Шұбаркөл көмірдің өндірістік нәтижелерін көрсеттік. Біздің болжамымыз бойынша, кәсіпорынның өндірістік көрсеткіштері Топтың алдағы нәтижелеріне ерекше үлес қосатын болады. Жалпы, біздің өнімдерге деген сұраныстың болжамдары әлемдік рыноктағы қиын жағдайға қарамастан жоғары деңгейде сақталатын болады”.

2012 жылғы екінші тоқсанның негізгі қырлары

- Ферроқорытпалар бөлімшесінің өндіріс көлемі алдағы тоқсанның көрсеткіштерімен салыстырғанда шамалы жоғары, бірақ толық өндірістік қуатпен салыстырғанда төмен болды.
- Темір жолдың өткізу мүмкіндігін шектеу кен тасымалына әсер еткендігі салдарынан, Темір кені бөлімшесі толық қуат дәрежесінен төмен дейгейде жұмыс істеді.
- Глинозем және алюминий бөлімшесі алюминий шығару жағынан толық қуат деңгейінде жұмыс істеп, глинозем өндіру жағынан, глинозем зауытында шикізатты өңдеу бойынша туындаған мәселелерге байланысты, толық қуат дәрежесінен төмен деңгейде жұмыс істеді.
- Өзге түсті металдар бөлімшесінде мыс пен кобальт өндірісі 2011 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда мықты өсім көрсетті.
- Энергетика бөлімшесі есептік кезеңде толық қуат деңгейінде жұмыс істеді.

2012 жылғы екінші тоқсанның өндірістік көрсеткіштері

1 Ферроқорытпалар бөлімшесі

- Хром кенін қазып алу (қатарлы) – 1,267 млн тонна (Q2 11: 1,207 млн тонна, 5% ұлғаю)
- Тауарлы хром кенін өндіру – 974 мың тонна (Q2 11: 959 мың тонна, 1,6% ұлғаю)
- Марганец кенін қазып алу (қатарлы) – 750 мың тонна (Q2 11: 737 мың тонна, 1,8% ұлғаю)
- Тауарлы марганец концентратын өндіру – 271 мың тонна (Q2 11: 281 мың тонна, 3,6% төмен)
- Барлық өндірілген феррохром – 329 мың тонна (Q2 11: 338 мың тонна, 2,7% төмен)
- Барлық өндірілген ферроқорытпа – 435 мың тонна (Q2 11: 439 мың тонна, 0,9% төмен)

2 Темір кені бөлімшесі

- Темір кенін қазып алу (қатарлы) – 9,893 млн тонна (Q2 11: 10,617 млн тонна, 6,8% төмен)
- Бастапқы темір кені концентратын өндіру – 3,890 млн тонна (Q2 11: 4,497 млн тонна, 13,5% төмен)
- Тауарлы темір кені концентратын өндіру – 1,803 млн тонна (Q2 11: 2,004 млн тонна, 10% төмен)
- Тауарлы темір кенді шекемтас өндіру – 1,796 млн тонна (Q2 11: 2,098 млн тонна, 14,4% төмен)

3 Глинозем және алюминий бөлімшесі

- Боксит қазып алу (қатарлы) – 1,310 млн тонна (Q2 11: 1,354 млн тонна, 3,2% төмен)
- Глинозем өндіру – 376 мың тонна (Q2 11: 409 мың тонна, 8,1% төмен)
- Алюминий өндіру – 62 мың тонна (Q2 11: 62 мың тонна, өзгеріссіз)

4 Энергетика бөлімшесі

- Көмір қазып алу (қатарлы) – 4,392 млн тонна (Q2 11: 4,363 млн тонна, 0,7% ұлғаю)
- Электр энергиясын өндіру – 3229 ГВт (Q2 11: 3118 ГВт, 3,6% ұлғаю)

5 Өзге түсті металдар бөлімшесі

- Мыс кенін қазып алу (қатарлы) – 418 мың тонна (Q2 11: 366 мың тонна, 14% ұлғаю)
- Тауарлы (катодты) мыс өндіру – 14 782 тонна (Q2 11: 7361 тонна, 100,8% ұлғаю)
- Кобальт кенін қазып алу (қатарлы) – 341 мың тонна (Q2 11: 245 мың тонна, 39,2% ұлғаю)
- Металл мен концентраттағы кобальт – 4,746 тонна (Q2 11: 2,666 тонна, 78% ұлғаю)

6 Логистика бөлімшесі

- Темір жол арқылы тасымалданған тауарлар тоннажы – 13,681 млн тонна (Q2 11: 15,200 млн тонна, 10% төмен)

Соңғы жаңалықтар

31 шілде – Frontier компаниясына 101,5 млн АҚШ долларына лицензия беріледі

- Конго Демократиялық Республикасының Үкіметі ENRC-ге қарасты Frontier Spri компаниясына Frontier кен орнын дамытуға 101,5 млн АҚШ долларына тең жаңа лицензия беру туралы шешім қабылдады. Алдағы апталарда ресми түрде табыс етілетін бұл лицензия 2012 жылы First Quantum Minerals Ltd компаниясымен келісім арасында сатып алынған Frontier өңдеу зауытын шикізатпен қамтамасыз ететін болады.
- Frontier Конгодағы Sakani қаласына жақын, Замбиямен шекарадан 2 километр қашықтыққа және ENRC-ге тиесілі Chambishi балқыту зауытынан 70 километр қашықтықта орналасқан.
- Бұл ENRC үшін маңызды транзакция, себебі ол компанияның Конгодағы позициясын біріктіреді және Frontier өңдеу зауытында өндірісті бастауға мүмкіндік береді. Frontier зауытында жылына қосымша 90 мың тонна мыс өндіру ENRC операцияларының маңыздылығына арттырып, оның әлемдегі ірі мыс өндірушілерінің біріне айналу жөніндегі жоспарларын нығайта түседі.
- “Конго үкіметі осы лицензияны ENRC-ге беру туралы шешім қабылдағанына біз қуаныштымыз. Ол бізге кен орнында өндірісті дамытуға және, ең бастысы, жаңа жұмыс орындарын құрып, өңірге инвестициялар тартуға мүмкіндік береді”, – деді ENRC PLC бас атқарушы директоры Феликс Вулис.
- Жан Феликс Мупанде Капуа (Jean Felix Mupande Kapwa), басқарушы директор, Cadastre Minier, ҚДР: “Біз осы активті дамытудағы жеңіске куәгер болғанымызға қуаныштымыз. Бұл актив өңірдегі жұмыссыздықты азайтып, оның әлеуметтік және экономикалық дамуына жол ашады”.

Аналитиктердің соңғы пікірлері

BoAML: 31.07.12 – Сатып алу

Біз ENRC-ге «сатып алу» рейтингін береміз, акциялардың жоспарлы құны GBp950. Корпоративтік басқару туралы қауіп әлі басылмағанына қарамастан, біздің ойымызша, 0.4x P/NPV деңгейіндегі бағам ENRC-дің Қазақстандағы бағалы активтері мен Конго Демократиялық Республикасындағы мыс өндірісін арттыру бойынша жобалар үшін төмен баға болып табылады.

Visor: 31.07.12 – Сатып алу

Бұл жаңалық біздің бағамымызға ешбір әсер етпегенімен, ол ENRC-дің Конгодағы активтерін біріктіру мақсатында алға жүріп келе жатқандығын көрсетеді. Бұл сатып алу Frontier кәсіпорны мен Өзге тұсті металдар бөлімшесінің дамуына септігін тигізеді.

BMO: 31.07.12 – Нарық деңгейінде

Қазба жұмыстарына лицензия алу мыс өндірісіндегі атаулы жетістік болып табылады. Бұл жоба әдетте 264 млн тонна шикізаттан 90 мың тонна мыс өндіретін. Мыстың шикізаттағы үлесі 1,17%. Жаңа лицензия бұрынғы шекараларды кеңейтіп, кен орнын тереңірек зерттеуге мүмкіндік ашады.

Deutsche: 03.07.12 – Сатып алу

ENRC акциялары арзан компаниялардың бірі болып табылады. Біздің пікірімізше, компанияның даму негіздері жағымды. Ол шығыны төмен активдерің (төмен шығынды өзіндік электр энергиясы), дамушы нарықтарға шығу мүмкіндіктерінің (компанияның барлық өнімдері: ферроқорытпалар, темір кені, алюминий және мыс) және компанияның мақсаттарын жүзеге асырған операциянды менеджменттің арқасында жүзеге асырылды. Темір кені, мыс пен хром бағаларының левиреджі жағымды (әсіресе, электр энергиясының өсіу мен жалақының өсуінен туындаған инфляция салдарынан оңтүстік африкалық феррохром бағасының өсуі). Біз компанияның Африкадағы сатып алуларын (CAMEC, Chambishi және Northam Platinum) компания бағамына қосымша деп санаймыз.



Байланыс

ENRC Қазақстан (Астана):

Корпоративтік коммуникациялар департаменті

+7 (7172) 592 153

+7 (7172) 592 152

press@kz.enrc.com

ENRC PLC (Лондон):

Юлия Кальчева

+44 (0) 20 7389 1861

julia.kalcheva@enrc.com

www.enrc.com

Стратегия



Төмен шығынды өндірісті қолдау



Өндірістік қорлар мен қуаттарды тұрақты жетілдіру және өңдеу



Компания құндылығын арттыру және өнімдер ассортиментін әртараптандыру арқасында клиенттер базасын кеңейту продукции



Активтер портфелін және табиғи ресурстар саласында аймақтық және әлемдік деңгейде қатысуды әртараптандыру



Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғауға жете ерекше назар аударып, корпоративтік және әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары стандарттарын ұстану